



12 сәуір, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi_kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Алаш ардақтысын жырға қосты



4 Ұлы теңізі немесе теңізбен егіз



5 Ефрейтор Ермағанбетовтың ерлігі



6 Жан тебіренген туынды



● ПРЕЗИДЕНТ



Бағдарлама барысы баяндалды

Мемлекет басшысы Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановты қабылдады. Президентке халықтың табысын арттыру бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Ералы Тоғжанов Қасым-Жомарт Тоқаевқа жалақыны көтеру ісіннің 1 миллионнан астам бюджеттік сала қызметкерлері мен квазимемлекеттік сектордың өндірістік персоналын қамтитынын хабарлады. Сондай-ақ кәсіпкерлікке міндеттемелер белгілеу арқылы мемлекеттен көмек алатын ірі бизнестегі 2,8 миллион қызметкердің еңбек табысын арттыру қарастырылған. Мемлекет басшысына кәсіпкерлік қызметтің табысын арттыруға, сондай-ақ

фармацевтика, биотехнология, IT-технология және мұнай-химия бағытындағы жаңа өндірістер сияқты эконимиканың түрлі салаларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашуға қатысты Үкіметтің жоспары баяндалды. Сонымен қатар Премьер-Министрдің орынбасарының айтуынша, халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарын қолдау шаралары қарастырылған. Мысалы, «Бақытты отбасы» жобасы

аясында көпбалалы және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған 20 мың әйел жұмыспен қамтылады. Жастарды жұмысқа орналастыру үшін «Жастар тәжірибесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары жүзеге асырылып, 400 айлық есептік көрсеткішке дейін гранттар беріледі. Кездесу соңында Президент халықтың табысын арттырудың айрықша маңызды екенін атап өтіп, Үкіметке бұл мәселені ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

● БІЛІМ

ТАСТАНДЫҒА АЙНАЛҒАН КОЛЛЕДЖ ЕҢСЕСІН ҚАЙТА ТІКТЕМЕК



Суретте колледждің келешек келбеті

Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

Қызылорданың қақ ортасында, Абай даңғылы мен Ғ.Мұратбаев көшесінің оң қиылысында орналасқан екі қабатты үй көңілге кірбін ұялатады. Көбіміздің мұны тастанды ғимарат деп ойлайтынымыз жасырын емес. Себебі, ол көзімізге көрікті қаланың ішіне әкеліп қойған кенеуі кеткен бір ескі үй есебінде көрінеді. Бейнелеп айтсақ, Қожанасардың шапанындай.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Бұл – 1956 жылы іргесі қаланып, №26 Қызылорда құрылыс мектебі болып құрылған ғимарат, қазіргі С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі.

Соңғы отыз жылда ғимарат тіпті жеңіл жөндеу көрмеген, қабырғасына біреу бір алақан батпақ жапсырмаған. Есіктерінің сыры көбелектің канатындай көтеріліп, едені

баланың ақыл тісіндей айқасып жатыр. Бұл сөзді бейнелеп айтып отырған жоқпыз, оған өзіңіз де көз жеткізе аласыз. Кеңестік заманда кәсіптік болып дәуірлеп тұрған оқу орнының қосалқы ғимараты тәуелсіздік жылдары ұжымның жалпы жиналысының қорытындысына сай сатылып кеткен. Тәжірибе жасау шеберха-

насынан айырылған училище балаларды теория жүзінде оқытумен шектелген немесе практикалық сабақ алу үшін қаладағы өндіріс орындарына апарып отырған. Олардың еншісінде қалған бұрынғы тігін машиналарынан іс үйренген оқушылар «Далатек» секілді заманауи шеберханаларға барғанда өздері бұрын көрмеген жаңа тігін машиналарымен жұмыс істеуді меңгеріп кете алмай қиналған. Сондай-ақ, бұл оқу орнына соңғы 12 жылда бірде-бір компьютер алынбаған. Өзге жұрт интерактивті тақтаға әлдеқашан көшкенде біздің оқушылар ағаш тақтаны шүберекпен сүртіп жүрген.

2-бет

● САРАП

Әлеуметтік дүкендерді аралағанда...



Осыдан бірнеше жыл бұрын көпшілік әлеуметтік дүкенге бас сұға бермейтін. Дүкендер жұмысы бастапқыда дұрыс жолға қойылмады ма әлде халық арасында түсіндірме жұмыстары аз жүргізілді ме, әйтеуір әлеуметтік дүкенге деген көпшіліктің көзқарасы басқаша болатын. Ал жобаның түпкі мақсаты – халықты тиімді бағада азық-түлікпен қамтамасыз ету еді.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Кейінгі уақытта әлеуметтік дүкендер жұмысы жанданып, жұртшылық ондағы азық-түлік бағасының төмен екенін түсінді. Бұл орайда облыс басшылығы тарапынан әлеуметтік маңызы бар 19 түрлі өніммен дүкен сөрелерін толтыруға бағытталған арнайы бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылды. Кешегі пандемия кезінде супермаркеттер мен өзге де

азық-түлік дүкендері уақытпен жұмыс істегенде тұтынушылар үшін олардың есігі айқара ашық болды. Бүгінде жұртшылықтың пікірі өзгеріп, әлеуметтік дүкендер тұтынушылары көбейген.

Облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша тиісті шаралар қабылданып келеді. Бұл мәселе бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін облыстың тұрақтандыру қорын тауарлық интервенциялар жүргізу, сондай-ақ, айналым схемасымен заем беру арқылы шешілуде. Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, бағаны тұрақтандыру қорына бюджеттен 2020-2022 жылдары 3,4 млрд теңге бөлінген. Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында 1461,8 тонна өнім бар. Оның ішінде 285,8 тонна ұн, 151,3 тонна күріш, 33,7 тонна макарон, 318,1 тонна қарақұмық, 53,2 тонна қант, 81,9 тонна картоп, 39,16 тонна пияз, 144,7 тонна сәбіз, 5,2 тонна қырыққабат, 348,4 тонна күнбағыс майы бар.

3-бет

● БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АВИАЦИЯ ЖӘНЕ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

Ғарышты игеру дәуірі

12 сәуірде әлемдік қауымдастық айрықша датаны атап өтеді. 1961 жылы дәл осы күні адамның ғарышты игеру дәуірі басталды. Юрий Гагариннің «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшуы – әлемдік ғылым дамуының жарқын көрінісі. Содан бері 60 жылдан астам уақыт кезеңінде адамзат баласы ғарыш кеңістігін игеруде үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Сб Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Ғарыш технологияларының ғылымға, техниканың дамуына игі ықпалын тигізгі отырғаны сөзсіз. Осы уақытта орбитада мыңдаған жер серіктері ұшып жүр. Олар адамзат үшін қажетті аса маңызды стратегиялық міндеттерді орындауда.

Әдетте, ғарышты игеруге қатысып жатқан мемлекеттерді көбіне бейресми түрде ғарышқа

ұшқан ғарышкерлерінің және жер серіктерінің санымен бағалап жататыны бар. Қазақстан тәуелсіздік алған кезде жер серігі де, ғарышкері де жоқ мемлекет еді. Алайда, әлемдегі тұңғыш ғарыш айлағы – «Байқоңыр» біздің елде. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта Қазақстан ғарышқа азаматтарды ұшырған 40,

жасанды жер серігін шығарған 70 мемлекеттің қатарына қосылды. Ал түркітілдес мемлекеттер арасынан ғарышқа алғаш болып азаматын ұшырған Қазақстан еді. Қазақстанның ғарышты игеруге деген ұмтылысы КСРО ыдырамай тұрып-ақ басталды. Ал 1961 жылдан бері ғарышқа адам ұшырып келе жатқан айдан қазақ түгілі түбі түркінің бірде-бір перзенті ғарышқа ұшқан жоқ. КСРО ыдырайтын кезде осынау оқылықтың орнын толтыруға еліміз мықтап кірісті. Сөйтіп, 1991 жылғы қазанда Токтар Әубәкіров ғарышқа ұшқан болатын. Кейін 1994 жылы Талғат Мұсабаев зеңгір көкке



самғаса, 2015 жылы Айдын Айымбетов Жердің төңірегінде ұшып жүрген халықаралық ғарыш стансасына барып қайтты. Әрине, бұл жерде Талғат Мұсабаевтың ғарышқа 3 рет ұшқанын атап өткен жөн.

3-бет

● БҮГІН – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

«ҒЫЛЫМИ ЖОБА КӨП, ҚАРАЖАТ ТАПШЫ»



Әлемде Альцгеймер мен Паркинсон ауруларының әлі күнге дейін емі табылмаған. Бүгінде дертке еуропалық ғалымдармен бірлесіп қазақстандық 5 ғалым шина іздеуде. Олардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі Нұрбол Аппазов. Аукымды жобаның Қазақстандағы жетекшісімен сұхбаттасқан едік.

– Нұрбол Орынбасарұлы, дерттен айықтыратын дәрі жасауда қандай жаңалықтарыңыз бар?

– Альцгеймер және Паркинсон миды зақымдайтын аурулардың қатарына жатады. Альцгеймерде ми семіп қалады да, адамда ұмытшақтық пайда болады, моторикалық мүмкіндіктері төмендейді. Ал Паркинсон ауруында діріл пайда болады, адамның негізгі өмір сүру қабілеттері бұзылады. Мысалы, тамақ жей алмай, жүре алмай қалуы мүмкін. Біз әлі дәрі ойлап тапқан жоқпыз. Тек еуропалық ғалымдармен бірге аурудың алдын алуға әсер ететін негізгі затты әзірлеп жатырмыз. Ол дәрі ретінде өндіріске ене ме, жоқ па белгісіз.

– Жантақ пайдаға жарады ма?

– Флавоноидтар деген қосылыстар жантақтың құрамында бар. Жантақ халық емінде әртүрлі ауруларды емдеуде қолданылып жүр. Оған бөлек, антиоксиданттық қасиеттері бары анықталған, яғни, адам ағзасында бос радикалдар түзіліп, салдарынан қосымша жана аурулар туады. Антиоксиданттар сол үдерісті тежейді. Алайда, флавоноидтардың бір кемшілігі – олар суда нашар ериді және қолдану аясы тар. Сондықтан суда ерітудің түрлі әдісін қолданамыз. Ағзада амилоид фибрилдері шамадан тыс түзілген кезде Альцгеймер және Паркинсон ауруларын тудырады.

4-бет



ТАСТАНДЫҒА АЙНАЛҒАН КОЛЛЕДЖ ЕҢСЕСІН ҚАЙТА ТІКТЕМЕК

Осыған қарамастан колледжде 186 қызметкер есепте болып, оның 136-сы ғана жұмыс істеген, қалғаны декреттік демалыста болған. Олардың біразы даярланатын мамандықтар бойынша біліктілік талаптарына сай келмейтін өндірістік оқыту шеберлері болып шыққан, аз ғана педжүктеме сағатымен жұмыс істегендер де бар.

Ұзын сөздің қысқасы, осы айтылғандардың бәрі бір жыл ішінде қалпына келтіріліп, заманауи талапқа сай жетілдірілді.

Мұны түсініктірік айту үшін жаңа бір әңгіме бастауға тура келеді.

Бұрынғы сала басшылығы сегіз жыл бойы осы оқу орнына инвестор келтіре алмапты. Ақша салатын кәсіпкерлер «дайын асқа тік қасық» болғысы келеді не іске пайдасын есептеп кірседі. Ал, сонда балаларымыздың жай-күйіне жанашыр кім?

Осыны електен өткізіп көрген білім мененаты, кәсіпкер, «Нұрай» ЖШС директоры Сейітқали Алшынбаев бұл істі қолға алуға тәуекел жасады.

Дамыған елдерде өндіріс үшін кадрлардың негізгі провайдері – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі болып табылады. Біздің елімізде де кәсіптік білімді жетілдіре түсу, оған барынша көңіл бөлу мәселесі мемлекет тарапынан қолға алынған.

2019 жылы елордала өткен дәстүрлі тамыз кенесіне қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбеккер болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек» деген еді. Бұл сөз баланы еңбек пен білімге қатар үйрететін – кәсіптік білім саласы дегенді ұқтырады.

Үздіксіз білім бағдарламасымен жұмыс істеп келе жатқан білім жанашыры С.Алшынбаев осыған дейін Қызылорда қаласында 4 балабақша және «Зерде» интеллектуалды мектебін ашқан болатын. Алдымен баланың мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленіп, сосын мектепте, сосын колледжде оқитын жүйесі бойынша



ауыстырылды. Колледж басшылығына педагогика ғылымдарының кандидаты Әлия Досмаханова келді. Өткен қыркүйек айынан бастап колледждің жалпы оқу-тәрбие процесінің жай-күйіне, инженер-педагог кадрлардың біліктілік талаптарына сәйкестігіне талдау жасалып, бүгінде осы шығарылған қорытындылар мен шешімдердің негізінде жұмыс жүріп жатыр.

Сол кезде білім алушылар саны 535 болған. Олардың күнделікті сабаққа қатысуын бақылау нәтижесінде 100-ге жуық оқушының тұрақты түрде сабаққа қатыспайтындығы анықталған. Белгіленген нормативтік-құқықтық актілер негізінде оқушыларға жіберілген сағаттары көрсетіліп, сабаққа қатысуға ниетті болмаған жағдайда оқудан шығарылатындықтары ескертіліп, хабарланған. Нәтижесінде оқуды жалғастыруға ниетті оқушылар сабаққа келіп, жалғастырығы келмеген 46 бала оқудан шығарылған.

Оқу ісіндегі тәртіптен қоса инвестор тарапынан колледжде жаңа компьютерлер, интерактивті тақталар, заманауи тігін машиналары, спорт жабдықтары, оқу құралдары алынған.

болған жоқ, сондықтан, бұл – облыстағы пилоттық жоба.

Мұнда материалдық-техникалық база тұралаған, оқу үдерісіне бақылау босанып кеткен. Мысалы, бұрын электр мамандығы бойынша оқыған балалардың іс-тәжірибеден өтетін орны болмаған. Олардың теориялық біліммен бірден өндіріс орындарына жұмысқа тұруы қиын соққан. Енді біз осыған орай арнайы жабдықтар құрамыз, онда оқушылар жоғары кернеулі ток көздерімен қалай жұмыс жасауды іс жүзінде көріп, өндіріске дайын маман болып барады. Сондай-ақ, колледждің өз тігін цехы, шаштарызы, дәмханасы болады. Сол мамандықтарды оқып жатқан балалар осы жерде бір мезгіл жұмыс атқарып, өздеріне пайда табады, яғни, оқу мен еңбек қатар жүргізіледі. Жұмысқа білікті мамандар тартып, жаңа мамандықтар ашатын боламыз. Бұған қоса спорт залы мен алаңы салынады.

Биыл ескі оқу ғимаратының сыртын түгел қайта әрлеп, қосымша үш қабатты оқу ғимаратының құрылысын бастаймыз. Оқу жүріп жатқан осы кезде ішкі жұмыстарды кейінге қалдыра тұрамыз. Қаланың ортасында мұндай ескі көрініс тұрмау керек. Қызылорда – соңғы жылдары тазалық пен әдемілікке ерекше көңіл бөлген қала. Біз сол үрдіске үлес қосамыз. Колледждің жаңаша келбетінің сызба жобасын «Vega group» серіктестігі жасады.

Биыл пилоттық жобаға 1 миллиард теңгенің үстінде қаржы салатын боламыз. Алдағы бес жыл ішінде 3 млрд қаражат салынады, – дейді «Нұрай» ЖШС директоры С.Алшынбаев.

Колледж негізінен «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», «Жиһаз өндірісі», «Дәнекерлеу ісі», «Электр жабдықтары», «Тігін өндірісі», «Сандық техника», т.б. мамандықтар бойынша жұмысшы кадрларды дайындайды.

Біздің білетіміз ішкі мазмұны мен сыртқы келбеті үйлескен керемет оқу ғимаратын көретін күн алыс емес әрі ол туған қаламыздың орталығына көз қуанатын сән беріп тұратын болады.

– Біз осы колледжді аяққа қайта тұрғызу үшін оған өз қаржымызды салып отырмыз, сондай-ақ, оның жұмысы бізге бес жылға сенімді басқару берілді. Бұрын білім саласында мұндай жағдай



еңбек етуді көздеген кәсіпкер сол үдеден шығуды шынбап қолға алды.

Ең бірінші оқу мен тәрбие мәселесіне атүсті қараған бұрынғы кадрлар

1-бет

● ПІКІР-ПАЙМ

Жолдауда жаңашылдық көп

Кейінгі уақытта мемлекетте көп өзгеріс болып жатқаны жасырын емес. Содан болар, осындай маңызды сәтте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдаудың барша халық күтті. Мемлекет басшысы бұған дейін де халыққа бірнеше үндеу жариялап, елдің өте өзекті мәселелерін айтқан еді. Ең бастысы, республикамыздың дамуына оң ықпал тигізетін, саяси құрылымдық және аумақтық өзгерістерді қамтыған бұл Жолдауда жаңашылдық көп.

Расында да бұл Жолдаудың маңызы зор. Санамалап айтсақ, қаңтардағы бүлік, сын сағаттағы кейбір лауазымды тұлғалардың мемлекетке опасыздығы, соның кесірінен мемлекетке төнген қауіп жайында ашып айтты. Сондай-ақ Парламенттегі Мәжілістің ықпалын күшейту, сайлау жүйесіндегі кейбір олқылықтарды болдырмау – демократиялық басымдық деп түсінеміз. Жергілікті мәслихаттың құзыреті, партиялардың тең дәрежеде болуын да қалыс қалдырмады. Көпшілікті Семей жерінде Абай, Жезқазған

өңірінде Ұлытау және Алматы облысын екіге бөліп, Жетісу облысын құру жайлы ұсынысы қуантты. Әсіресе, жаңадан құрылатын Жетісу облысының орталығы – Қапшағай қаласының атауын нар тұлға Діңмұхамед Қонаев атына беру туралы сөзі де қоғамға жылы леп әкелгендей. Расымен, Мемлекет басшысының өзі айтқандай, біз ұланғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта аламыз.

Сонымен қатар, Жолдауда Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу қажеттігі сөз болды. Өзгерістердің оң бастамаға айналарын, елдегі саяси жүйенің өзгерерін Мемлекет басшысы ашық айтып отыр. Менің ойымша, мемлекет жолындағы нақты қадамдар айтылды, болашаққа сәуле түсірер бастамалары да жетерлік. Ең бастысы, бұл Жолдау халыққа бос уәде емес, өзгерістер керектігін нақтылап берді.

Біздің ең басты байлығымыз, ол – Тәуелсіздік. Бір кездері нарықтық заманға өтіп, тоқырауда титықтаған жұрттың сенімін

нығайтқан да осы Тәуелсіздік ұғымы болатын. Өткен жылы ғана еліміздің егемен болғанына 30 жыл толды. Үлкен деңгейде іс-шаралар атап өтілді. Қуанарлығы, 30 жыл ішінде кеудесін тіктеп, даму жолында түрлі қиындықты жеңген Тәуелсіз Қазақстанның бейбіт күніне куәміз. Ал дәл осындай шуақты күнімізді, береке-бірлігімізді бұзғысы келетін нашар ниеттілердің жазасыз қалмайтынын Мемлекет басшысы Жолдауда нақты атап көрсетті.

Отыз жылғы шежіренің барлығы тізбектеу көп шаруа. Уақыт тез өтіп кеткен секілді. Солай бола тұра, халық үшін гасырға татитын 30 жылдың келер ұрпаққа айтары көп. Сабақ болар да, көңіл тоғаар да шаруа жеткілікті. Бастысы, алдымыздағы бір міндет – Президент айтқан бастамаларды барынша қолдау.

Гүлшат ОҒАРБАЕВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Қалмақова Гаухар Амангелдіқызы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі №47, № 201 А бөлме	40-08-16
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Абдукаримов Мейрамбек Жақсылықұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі №47, № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі №47, № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі №47, № 210 А бөлме	401191 (7604) 27-01-00

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында (8 7242) , 40-08-16, 27-02-06 сенім телефоны жұмыс жасайды.

● ТАҒАЙЫНДАУ

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ІС БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ДИРЕКТОРЫ

Облыс әкімі аппараты басшысының бұйрығымен «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне Ибраимов Ардақ Әбдіғаппарұлы тағайындалды.

Ибраимов Ардақ Әбдіғаппарұлы Қызылорда қаласында туған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Мұнай мен газ кен орындарын игеру» бөлімі, «Болашақ» университетінің «Юриспруденция», Қызылорда гуманитарлық университетінің «Қаржы» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2006 жылы «Қазгермұнай» ЖШС геология бөлімінің инженерінің көмекшісі болып бастап, жетекші инженері, 2006-2011 жылдары «Қамқоршы» ЖШС директорының кадр жөніндегі орынбасары болған.

2011-2019 жылдары «Азамат» ЖШС директорының құрылыс жөніндегі орынбасары.

2019-2020 жылдары «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің персо-



налды басқару қызметі (кадр жұмысы) бөлімінің бөлім басшысы, Қызылорда қаласы әкімінің кеңесшісі қызметін атқарған. 2020 жылдан бастап Белкөл кентінің әкімі лауазымын атқарып келді.

Аудан жаңалықтары

ДАРИЯ ДЕҢГЕЙІ БАҚЫЛАУДА

АРАЛ. «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 1 340 текше метр су түсуіне байланысты 4 сәуірден бастап Аманоткел ауылдық округі тұсында Сырдария өзені арнасында су деңгейі көтерілді. Аудан әкімі С. Сермағамбетов аталған елді мекенде болып, мол суды қауіпсіз өткізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Алдымен елді мекенге кіреберіс маңдағы облыстық маңызы бар «Қамыстыбас-Бөген» автожолының жиегін нығайту жұмыстарын көрді. Оған соң «Аспай» су ағытқысы мен «Бұрмақұлақ» бөгетінің жағдайына қанықты. Бүгінде «Басықар» су тоспасынан төмен қарай секундына 318 текше метр су түседі. Аталған судың 140 текше метрі «Бұрмақұлақ» учаскесінен жоғары орналасқан каналдар арқылы шабындық, жайылымдық жерлер мен ұлтаны құрғаған көлдерді суландыруға бағыттала, қалған 178 текше метрі «Аспай» су ағытқысы, «Ырысты» және «Ералы» арналары арқылы төменге қарай, яғни «Ақлақ» су тоспасына жіберіледі. Сонымен бірге Бөген, Қарашалаң және Қаратерен ауылдарында орналасқан көлдер мен жайылымдарға су беріліп, артылған 80 текше метр су Арал теңізіне қарай жіберіледі.

САЯБАҚ САЛЫНАДЫ

ҚАЗАЛЫ. Биыл Аранды ауылдық округінің орталығы – Қожабақы абадандырылып, саябақ салынады. Оған аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы белгілі болды.

Аудан әкімі М.Оразбаев Қожабақы ауылына арнайы барып, саябақтың орнын көрді. Аудан басшысы жоба-металдық құжатпен танысқан соң бірқатар түзетулер енгізу қажеттігін айтты. Мәселен, қоршауларды дұрыстап, саябақтың төрт бұрышына жарықшамдар қарастыру қажет. Сондай-ақ, үнемделген қаржының мүмкіндігіне қарай елді мекендегі Т.Еменшұлы көшесіне жарықшамдар орнату жөнінде тапсырма берді. Мұнан соң ауылдық мәдениет үйінде тұрғындармен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

ВОЛЕЙБОЛДАН АШЫҚ БІРІНШІЛІК

ҚАРМАҚШЫ. 8-11 сәуірде Жосалы кенті, О.Шораяқұлы атындағы №30 орта мектептің спорт залында өткен Қазақстан Республикасының «Құрметті спорт қайраткері», ардагер Устез Еркін Атабаевтың жүдесіне арналған волейболдан қыздар арасындағы аудандық ашық турнир өз мәресіне жетті.

Шараның негізгі мақсаты – тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ауданда волейбол ойынын кең көлемде дамыту, жастарды дене шынықтыру және спортпен айналысуға тарту.

Ашық біріншілікке Байқоңыр қаласы мен аудандардан 15 команда 150-ге жуық жасөспірім қатысты. Нәтижесінде I орынды Шиелі ауданы жеңіп алса, II орынды Жаңақорған ауданы, III орынды Сырдария ауданының командасы иеленді.

АҚЫН КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

ЖАЛАҒАШ. Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын, сазгер Айкүміс Орынбаеваның «Көктемді сендермен қарсы аламыз» атты жыр жинағының тұсауқесері өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, алқабилер кеңесінің төрағасы Кенжеғара Сұлейменов, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері ақындар Ғазиза Әбілда, Қуат Адис және аудан тұрғындары қатысты.

Айкүміс Телғарқызының аудан өнері мен мәдениетінде өзіндік қолтаңбасы бар. Осы уақытқа дейін оның қаламынан туған бірқатар әндерін еліміздегі белгілі әншілер орындап жүр. Темірше Сарыбаевтың сөзіне жазылған «Жалағашым» әні аудан әнұранына айналған.

КЕНТ КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

СЫРДАРИЯ. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асанов, Еңбек Ері Абзал Ералиев аудан орталығында болды.

Аудан әкімі М.Ергешбаев Теренөзек кентін абадандыру бойынша жұмыстарға тоқталды. Ол кентте газдандыру жұмыстары 80 процентке жуық аяқталғанын, көшелерге орташа және күрделі жөндеу жұмыстарының басталғанын, электр желілерін жаңғырту мәселесі мен «Майжарма» каналының жағасын абадандыру жұмыстарына ұсыныстардың берілгенін жеткізді. Бұдан кейін кент орталық алаңына ағаш отырғызылды.

ЕҢБЕГІ КӨПТІҢ – ӨНБЕГІ КӨП

ШНЕЛІ. Аудан әкімі Нариман Мақұлбеков Ақтоған ауылдық округіне қарасты «Сейтжанов» шаруа қожалығының жұмысымен танысты.

Аталған шаруа қожалығы егін және төрт түлік мал өсірумен айналысады. Жыл сайын 200 гектар күріш, 100 гектар жоңышқа, 20 гектар бидай, 60 гектар мақсары егін, күріштің әр гектарынан 50, жоңышқадан 40-70, бидайдан 15-20, мақсарыдан 10-15 центнер өнім алып отыр. Бүгінде шаруа қожалығы 20-ға жуық адамды жұмыспен қамтыған. Сонымен қатар төрт түлік мал өсіруді де жолға қойған. Жыл сайын мал басын аман сақтауға жұмыс жүргізіп келеді. Қожалық құрылғаннан бастап ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда.

ОРАЗАДАҒЫ ОРЫНДЫ ІС

ЖАҢАҚОРҒАН. Аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен «Байқоңыр» ӘКК әлеуметтік маңызы бар азық-түліктер жәрмеңкесін өткізді.

Орталық алаңда нағертнен тұтынушылар қарасы көбейіп, жүк көліктеріне тиелген жалпы көлемі 50 тоннаға жуық азық-түлік легін күтіп алды. Азық-түлік бағасы нарық бағасынан төмен болу себебінен тұтынушылар тарапынан сұраныс көбейіп кезек қалыптасты. Рамазан айында жасалған бұл игі шараға аудан жұрты ризашылықтарын білдіріп жатты.

Дайындаған
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Ғарышты игеру дәуірі

Қазақстан басшылығы ғарыш саласында мол пайда да, ел дамуына септігі тиетін кешенді ғылым да жатқанын білді әрі осы бағытта нақты саясат ұстанды. Қазақстан Үкіметінің 1991 жылғы 12 тамыздағы қаулысына сәйкес елімізде Ғарыштық зерттеулер институты құрылды. Оны академик Өмірзақ Сұлтанғазин басқарды. 2005 жылы жарғылық капиталын 100 процент мемлекет өз мойнына алған «Казкосмос» ұлттық компаниясы құрылған еді. Компания 2007 жылы «Қазақстан Ғарыш сапары» ҰК» акционерлік қоғамы болып қайта жасалған. Сол кезден бері бұл компания елге қызмет етіп келеді.

Президент Жарлығымен 2005 жылы Қазақстанда ғарыш саласын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Бағдарлама жетекшілері ҚР ҰҒА-ның академигі Талғат Мұсабаев пен ҚР ҰҒА-ның мүше корреспонденті Жұмабек Жантаев болды.

Қазақстан 2000 жылдардың басында жер серігін ұшыру мақсатын алға қойды. Сөйтіп, алдымен сәтсіз де болса KazSat-1 жер серігін, одан соң KazSat-2 мен KazSat-3 жер серігін ұшырды. Жер бетінен 40 мың шақырымдай биікте орналасқан осынау екі құрылғыдан бөлек ғарышта KazEOSat-1 және KazEOSat-2, KazSTSat микро жер серігі мен KazSciSat-1 нано жер серігі ұшып жүр.


«Қазақстан ғарыш сапары» ҰК» АҚ-ның бірнеше еншілес кәсіпорны бар. Жерді қашықтан зондтау, мониторинг, аэроғарыштық түсірілімдер қатарлы қызметтер осы компанияның еншісінде. Мәселен, компания өткен жылдары 1 млн гектардан астам егіс алқабының пайдаланымды жатқанын анықтаған. Сонымен қатар 185760 жер телімі арнайы талдаудан өтіпті. Жалпы, компания жер серіктерінің көмегімен 15 млн-ға жуық гектар жерді цифрландырған. Сөйтіп, осыныша көлемдегі жер теліміне қатысты ақпаратты жүзілеп отыр. Демек, енді ол жерлерді заңсыз басып алу, игермей қою сияқты деректер көзден тасала қалмайды. Мысалы отандық жер серігі 2019 жылы ел аумағынан заңсыз қоныс тапқан он мыңға жуық орынды тапты. Одан бөлек, жыл сайын өрт шыққан жерлерді анықтап жатады. Әрине, санай берсе ғарышқа байланысты қызмет түрлері көп-ақ.

Отандық ғарыш нарығындағы DigitalORB, «Терра» қашықтықтан зондтау және ГАЗ орталығы, «Дата+», «Надир», KazAeroSpace секірістіктері, TerraLink компаниясы тәрізді кәсіпорындар ғарыш аппараттарының түрлі қызметін көрсетіп келеді. Одан бөлек, ғарышты зерттеу мен ғарыш қызметін ұсыну саласымен тізе қоса ІТ саласының да дамып келе жатқанын атап өту керек. Тіпті, 2016 жылы алғаш рет «аэроғарыш өнеркәсібі» дегін термин ресми мекемелердің атауларының қатарына кірді. Сол жылы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі құрылса, қазір ол Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ретінде қызмет етіп келеді, яғни, аэроғарыш саласы Қазақстан экономикасындағы маңызды салалардың қатарына қосылды.

Қазақстанның ғарыш саласындағы жетістіктері, осы салада еңбек етіп жатқан ғалымдар еңбегі халықаралық қауымдастық тарапынан мойындалып жатқанын мақтанышпен айтуға болады. Олардың еңбектері Германия, АҚШ, Ресей және басқа да мемлекеттерде рейтингтік ғылыми басымдарда жарық көруде және өздері халықаралық конференциялар мен форумдарда баяндама жасап жүр. Мұның өзі – елімізде отандық ғарыштық ғылым базасы бар екенінің дәлелі. Біздің ғалымдардың еңбектері ғарыштық биомедицина мен биотехнология, ғарыштық геофизикалық және табиғи ресурстар мониторингін дамытуна үлес болып қосылууда. Сондай-ақ ғалымдар Жер бетінде табиғи және техногендік апаттардың пайда болуын зерттеуге арналған ғарыштық технологияны жасауға және енгізуге атсалысууда.

Жалпы, Қазақстанның ғарышты игеруге бағытталған саясаты еліміздің бұл саладағы бәсекеге қабілетін арттырып, жаңа мамандықтың пайда болуына, ел экономикасы үшін сала жетістіктерін пайдалануға мүмкіндік береді. Қазір бірқатар оқу орындарында аэроғарыш саласының мамандары даярланып жатыр.

Ғарышты игеру бүгінде өркениетті әлемнің басты мәселесіне айналғаны анық. Бұл сала Жер шарындағы экономикалық дамудың, адамзатқа қажетті түрлі игіліктерді жүзеге асырудың маңызды тетігі десек те болады. Қазіргі таңда ғарышты игеруде Қазақстан белсенді ісқимылымен ерекшеленуде, халықаралық бағдарламаларға қатысып, ғарыш технологиясын дамытуға атсалысууда.



1-бет

● МҮШӘЙРА

Алаш ардақтысын жырға қосты

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай ағартушы ұстаз атындағы №211 мектепте «Арда туған Алаштың арыстары» атты қалалық жас ақындар мүшәйрасы өтті.

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған сөз сайысына 8-9 сынып оқушылары қатысып, білімі мен қабілетін байқатты. 24 мектептен келген талапкерлер А.Байтұрсынұлының ел тарихындағы азаматтық ұстанымын, ұлт келесегі жолындағы адал еңбегін жырға қосты.

Мектеп директоры Әлия Көшкінбаева қатысушыларға ша-

раның мазмұны жайлы айтып, сәттілік тіледі. Қалалық білім бөлімінің әдіскері Нұржан Асылханұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ғазиза Әбілда және қалалық «Жас каламгер» үйірмесінің жетекшісі Хамит Маралбекулы қазылық етіп, үміткерлердің өнеріне баға берді.



Нәтижесінде, III орынды №176 мектептің 8-сынып оқушысы Данияр Құрманәлі, №257 мектептің 9-сынып оқушысы Толғанай Тастыбай және №173 мектептің 8-сынып оқушысы Аружан Камал иеленді. Ал, II орынды №211 мектептің 8-сынып оқушысы Еркежан Алматықызы мен №101 мектептің 8-сынып оқушысы Асхат Мәдениет алды. Айқын басымдығымен көзге түскен №189 мектептің 9-сынып оқушысы Ұлықбек Бектай I орын иеленді. Мүшәйрада ұлт ұстазын ұлықтауға өз әлнше үлес қосқан барлық қатысушылар Қызылорда қалалық білім бөлімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

«СБ» ақпарат

Әлеуметтік дүкендерді аралағанда...



Бүгінгі күні айналым схемасы бойынша 21 келісім шарт негізінде кәсіпкерлік субъектілеріне заем берілді. Осы заем алған кәсіпкерлердің және тұрақтандыру қорындағы өнімдер «Байқоңыр» ӘКК-не қарасты Қызылорда қаласында орналасқан 36 әлеуметтік дүкенде және қосымша 14 ірі супермаркеттің әлеуметтік бұрышында нарықтан төмен бағада жеткізіліп сатылууда.

Бұл – ресми деректер, ал күнделікті көзбен көрген көрініс қандай жайттардан хабар етті? Бірнеше әлеуметтік дүкенді аралап, тұтынушылар қарасы үзілмеді. Сатушының бізге жауап беруге уақыты жоқ. Мұнда қант пен жұмыртқа түске дейін өтіп кетіпті. Қант сұрағандарға ертен түске дейін келуін және ұзынсонар кезекте тұрып алатынын ескертті. Әр адамға тек мөлшермен сатылатын тауарларды қағазға жазып, бағасын көрсетіп қойған. Мәселен, бір адамға қант 1 келі ғана сатылады. Сол бір келі қант үшін жүздеген адам ұзынсонар кезекке тұруға мәжбүр. Күніне жеткізілетін 3 қап қант бар-жоғы жарты сағаттың ішінде таусылып қалатынын білдік. Ал бір үйде бірнеше отбасы тұратындар мен көпбалалы отбасылар үшін бір келі қант бір-екі күнгі шай дастарханынан артылмайтыны анық. Сондай-ақ, жұмыртқа 10 дана, тауық еті 2, қартп 3, сәбіз 2 келі, өсімдік майы 1 литрден ғана сатылады.

Барлық әлеуметтік дүкендерде нан 55, қант 263, өсімдік майы 630, қартп 130, сәбіз 130, пияз 65, қырыққабат 95, I сортты ұн 135, қарақұмық жармасы 415, күріш 175, макарон 200, сиыр еті 1650, тауық еті (окорочка) 785, жұмыртқа 29, сүт 280, айран 225, сүзбе 1283, сары май 2504 және тұз 40 теңгеден екен.

Келушілер қартптың өте майда екенін айтып шағым білдіргені сол еді, сатушы іштен тағы бір қапты ашты. Ондағы қартп жұдырықтай ірі болып шықты. Дәл базардың ортасында, айналасында бірнеше азық-түлік дүкені орналасқанына қарамастан, бұл жерде қызу сауда болатынына көз жеткіздік.

Сатушының жұмысына келдергі келтірмейік деп, «Универсам» шағын ауданындағы әлеуметтік дүкенге жол тарттық. Мұнда да сол көрініс. Бір-бірімен таласқан жұртшылық бірінші кезекте түске дейін таусылып қалатын қантқа кезекке тұруда. Тапсырысты жеткізушіге екінші рет хабарласып, қантты қайта алдыруда. Дүкеннің бір бұрышында ет сататын Сәуле Ногайбаева тосылмай сұрақтарымызға бірден жауап берді.

– Менің бұл жерде ет сатқаным 5 жылдай уақыт болды. Тек ет сатып қоймай, жанында тұрған сатушыға да көмектесемін. Күніне 30-40 келі ет өтеді. Тұрғындар түсінді. Сиыр еті 1650-ден сатамыз. Өзім 1600-ден аламын. Үстінде қалған әр келіден түсетін 50 теңге менің күнделікті табысым. Халықпен жұмыс жасау оңай емес. Олардың көңілінен шығу да қиын. Адамдар түрлі көңіл-күймен келеді. Біреуі жуаның ірісін салмаңыз десе, біреуі майдасын бермеңіз деген сияқты уәждерін айтады. Бірақ 65 теңгеден жуаны басқа қай жерден алады? Тағамға астамшылық жасауға болмайды деп ойлаймын. Оның обал-сауабы болады. Қазір әлеуметтік желі деген жақсы болды. Көпшіліктің түсінігінше мұндағы сатушылар өздерінің таныстарына тығып сатады, басқаларға көп береді деген сияқты әңгімелер айтып, суретке түсіріп, желіге жүктеп жібереді. Жақында ғана сондай жағдай болды. Мына жердегі жала-жас сатушыға жала жауып, оның жеп отырған нанынан айырды. Біз бұл аумақта бірнеше жылдан бері жұмыс істейтіндіктен, тұрғындармен де таныс болып қалғанбыз. Кейбір көпбалалы отбасыларды да білеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандар да келеді. Олардың қайта-қайта келуге жағдайы уақыты болмайтынын, денсаулығы жарамайтынын түсінеміз. Сол себепті оларға өзгелерге қарағанда 1 келі артық беретін кездер болып тұрады. Бұл жағын бізге басшылық тарап реттеп берсе екен. Әйтпесе, ол адамдар менің туысым не танысым емес, – деп ағынан жарылды сатушы.

Өнім түрлерімен танысып, олардың бағасын бағамдап тұрғанымызда мониторинг тобының мүшесі, қаладағы 36 дүкенге жауапты маманмен кезігіп қалдық. Өзін Ғалымжан Бекішев деп таныстырған жігіт жұмыс жайынан бізді хабардар етті.

– Бұл салада жұмыс істеп келетініме бірнеше жыл болды. Халық қазір әлеуметтік дүкеннің маңызын түсінді. Өзіңіз байқағандай, есікте менің ұялы телефон нөмірім көрсетілген. Кез келген қонқырау шалған тұтынушының шағымын тыңдап, оның оң шешілуіне жұмыс істейміз. Осы жаңа ғана қанттың таусылғанын айтып, тұрғындар қонқырау шалды. Түске дейін келген қант бір сағатқа жетпей өтіп кеткен. Әлеуметтік дүкендерде қант 263 теңге болған соң тез өтеді. Ал өзге супермаркеттерде ол 450, тіпті 550 теңгеден сатылууда. Біз халықтың барлығына тауарын жеткізіп қаламыз. Сондықтан әр адамға белгілі бір мөлшермен сатылады. Бұлай істемесек те болмайды. Өйткені, кейбір адамдар көтерме бағаман алып, оны өзге дүкенге апарып сатып, келесіде тағы келіп алған

деректер бар. Ондай адамдарды біз ұстап, шара көрдік. Тіпті дүкендегі сатушының өзі осындай келеңсіз жайттарға жол бергенін біліп, олармен келісім-шартты бұзған кездеріміз де бар. Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді демекші, бірлі-екілі осындай деректер тұрғындар түсініспеушілігін тудырады. Содан барып, мұндағы сатушылар таныстарына сатады деген әңгіме шығады. Мен қай жерде қандай шағым түседі, сол аумаққа дәл уақытында баруым керек. Ал бізге көлік қарастырылмаған. Шағым айтып тұрғынмен кездесу үшін сонау Қызылжармаға, Талсуатқа таксимен баруға мәжбүрміз. Жағдайы төмен, мүгедек 2-3 кісіге қажетті азық-түлікті үйіне апарып беріп те жүрміз. Алатын айлығым 140 мың теңге. Енді ойлап қараңыз, маған бекітілген 36 дүкенге күнделікті тексеру жасап, оның есебін беру үшін бейне, сурет түсіріп отыруым керек. Біз басшылыққа бірнеше ұсыныс берген болатынбыз. Оның қашан шешілетіні белгісіз, – дейді жауапты маман.

Тұрғындармен сөйлескенімізде қаладағы «Құлагер», «Сырдария» ауданындағы дүкендердің бірнеше күннен бері жабық екенін білдік. Жауапты маманнан оның себебін сұрағанымызға дүкен иесі өнімдерін өткізіп, әрі қарай жұмыс істеуден бас тартқанын, алдағы уақытта конкурсу арқылы өзге кәсіпкердің иелігіне өтіп жатқанынан хабардар болдық. Ол үшін біршама уақыт керек. Тіпті кей аумақта саудасы жүрмейтін дүкендердің орналасуын өзгертіп, оның құжатын дайындап, арнайы шешім шығу үшін бір жылға жуық уақыт кетеді екен. Бұл орайда құжаттардың дайындалуына жұмсалатын уақытты қысқартып, мәселенің оң шешімін табуы үшін тиісті басқармаларға тапсырма жүктелуі тиіс тәрізді. Халықтың сұранысына сай әлеуметтік дүкендерді қажет ететін аумаққа мониторинг жүргізіп, оның кейбір нүктелерінің орналасуын қайта қарау қажеттігі туындап тұр. Мәселен, орталық алаң, жаңа базар, теміржол вокзалы аумағына әлеуметтік дүкен қажет. Тағы бір қосарымыз, азық-түлік өнімін жеткізетін кәсіпкер тауарын қабылдағанда оның сапасына көбірек мән берілсе екен. Себебі, кейбір өнім түрлерінің сапасы сын көтермейді. Мәселен, кейінгі келген ұнның сапасына шағымданған тұрғындар бар.

Өңірді үнмен қамтамасыз ету мақсатында «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰК АҚ, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыс әкімдігі арасында арзандатылған бидай алуға меморандумға қол қойылып, астық сақтау қоймаларынан үн өндіруші кәсіпорынға ақпан-тамыз

аралығында 13,6 тонна астық тасымалдану жоспарлануда. Бүгінгі күнге 340 тонна ұн жеткізіліпті. Демек, тамыз айына дейін тұрғындар осы ұнды пайдалануға тура келеді.

Сондай-ақ, тұрақтандыру қорына жыл соңына дейін 3314,8 тонна қант жеткізу көзделуде. Алайда бір дүкенге күніне әкелінетін үш қап қанттың өзі жарты сағатта сатылып кетсе, бұл өнім жыл соңына дейін жетер ме екен?

Көктемгі уақытта қырыққабаттың ерте пісетін сорттарымен қамтамасыз ету үшін Жетісай ауданының (Түркістан облысы) «Ынтымақ» шаруа қожалығымен сәуір айынан бастап 100 тонна қырыққабатқа форвардтық келісім-шарт жасалған. Осыған байланысты дауа әлеуметтік дүкендерде орын алған. Ерте пісетін қырыққабат әсіресе, көктемде адам ағзасына пайдалы дәруменге толы өнім. Сондықтан оның қорын да көбейту керек секілді.

Дау демекші, көптің көңілін табу да – қиын шаруа. Бірақ олардың пікірін ескермесе тағы болмайды. Айталық, әлеуметтік желіде осы дүкен сатушыларының мәдениеті, қызмет көрсетуі жайлы сын көп айтылады. Сатушылардың сұраққа дұрыс жауап қатпауы, заттың бар-жоғын айтып, тауардың қашан келетінінен хабардар етпеуі жұртшылықтың ренішін тудыратыны сөзсіз. Расында бізде сауда мәдениеті жоғары деңгейде дамымаған. «Алса алсын, алмаса қойсын» деген көзқараста отырғандардың бәрі да жасырын емес. Сондықтан тұтынушылар да көп жағдайда тауарға қарамастан шығып кетеді. Бұл өнімнің өтімділігіне кері әсер етеді. Дүкенге кірген әр адамға сыпайы сөйлеп, керегін тауып беріп, көңілінен шығып тұрса, ол жерде сауда қызады. Берекенің тоғызы саудада дейтін болсақ, онда бізге сауда мәдениетін өзбек ағайындардан үйренуге тура келеді. Әйтпесе, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ мен Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтымен жасалған меморандум аясындағы 50 тонна қартп, 50 тонна пияз, 50 тонна сәбіз, 50 тонна қырыққабат өніміне обал.

Ресми дерек бойынша, облыста сауда орындарында азық-түлік тауарларының қоры жеткілікті, оған тапшылық байқалмайды. Алайда бір келі қантты алу үшін бірнеше сағат ұзынсонар кезекке тұрып, тіпті бірнеше күн күтетін тұрғындардың мәселесін қалай шешеміз? Мүмкін оның берілу мөлшерін 3 келіге арттырып, дүкендерге камералар орнату керек шығар. Себебі бір рет келіп алған кейбір пысықай жандар қайта айналып тағы алмайтынына кепіл жоқ. Мың сан адамның түр-түсін жаттап қалу да сатушыға оңай тимесі анық.



Атағы елімізге ғана емес, дүние жүзіне белгілі классик жазушы Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов дүниеден озғалы екі айдан астам уақыт өтті. Мен оның жазушылығына, шығармашылығына, әдеби зертханасына тоқталмаймын, әйгілі кітаптары туралы ештеңе жазбаймын. Себебі оның кітаптары туралы елімізде сыншылар, зиялы қауым, қарапайым оқырманнан бөлек дүние жүзінің оқырмандары, оның ішінде атақты жазушылар, сыншылар ірі суреткерге өз бағасын берген. Қазақстандық оқырмандардың жақсы пікірінен бөлек француз жазушылары Луи Арагон, Андре Стилль «Қан мен тер» – ұлы роман» десе, Испанияның әдебиет сыншысы Аугуст Видал, бельгиялық Жорж Буйон трилогияны әлем әдебиетіндегі елеулі құбылыс деп, Әбекенді әлемдегі мықты, атақты жазушыларымен қатар қояды. Басқасын айтпағанда осы бағалар да жетер.

Ауылдасы, інісі болғандықтан Әбдіжәміл көкемнің табиғи қалпын, қарама-қайшылыққа толы жан-дүниесін, өзін білетін кейбір жайттарын, кірпияз болмыс-мінезін айтсам деймін. Өбе көкеміз екеуіміз де Арал теңізінің Құланды елді мекенінің «Шығанақ» бөлімшесінде 14 үй балықшы отбасында дүниеге келдік. Сол «Шығанақта» жатып ол өзінің атышулы «Қан мен тер» романын жазды.

Өбениң әкесі Кәрім атамның туған інісі Қали әкеміз менің әкем Сұлтангереймен түйдей құрдас еді. Мені көрген сайын Өбе көкем екеуінің арасындағы достық қарым-қатынас пен бір жылдың төлі болғандықтан араларындағы қалжыңдарды, қызық оқиғаларды сан рет айтудан жалықпайтын. Оларды әсерлі етіп шабыттана айтатын. Жақсы сөз жан семіртпеді емес пе әрі әкем туралы айтқанда, жаным жадырап ата, аға, әкелерім еске түсіп, оларды сағынышпен көңілімнен өткізуші едім.

Ә.Нұрпейісовтің кітаптары әсіресе, «Қан мен тер» және «Сонғы парыз» романдары өзге оқырмандарға қарағанда бізге ерекше жақын, ерекше түсінікті, ерекше қымбат. Ерекше түсінікті болатын себебі, ол кітаптардағы кейбір сөздерді сол жердің адамдары болмаса, басқа оқырмандардың түсінуі қиын, яғни олар – тек сол маңды мекендеген теңізшілердің (халықтың) сөздері. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалы: «қалқаразы», «қасқа-қасқа», «промсол», «қонторғайлау», «сәдеттеп», т.б. кейбіреулерін айтсақ та жеткілікті болар.

Ерекше жақын болатыны, оқиғалар мен кейіпкерлер – бізге таныс, өмірде болған адамдар. Олар – біздің аға, әке, аталарымыз. Мысалы, Судыр Ахметтің прототипі бірнеше адамның жиынтығы. Соның



басында, көбінесе Сырғабек атамнан алынған. Сөзіміз ауыр болмасын, топырағы торқа болғыр сол атам өз ұстанымы бар, өзіне әртүрлі жақсы қасиеттер дарыған адам еді. Әрине көркем шығарма болғасын суреткер, талғампаз стиліст өз елегінен өткізіп кейіпкерді сомдайды, оған өзінше мінез-құлық, т.б. береді.

Жұмыс ретімен, ағайын-туғанның шаруасымен, кейде демалу үшін Алматыға жиі барушы едім. Сол қалада бауырым Сансызбай Құттыбаев тұрды. Мен барғаннан кейін туған ағасы болғасын шай беретіні, амандық-саулық сұрасатыны түсінікті. Сол шақырысқа көбінесе Өбекке көкем де шақырылатын. Ол кейде өзінің досы Зейнолла Қабдоловпен, кейде бұрынғы министр інісі Құдайберген Саржановпен, кейде көбінесе өзі келеді. Сол кездесулерде ауыл, оның адамдары туралы көбірек айтылатын. Көңілі отырыстың бірінде Өбе көкеме «сіз Кәленің образын кімнен алдыңыз?» дедім. Жарықтық сәл-пәл үнсіз отырды да, өңіне күлкі үйіріліп «қасиетті Кәдір ақсақалдан» деді.

Қуанғаннан: – Ойбай, көке, ол кісіні танымын ғой, жынғылдың (бұл өсімдік біздің жерде көп өседі) ағашын беліне ұстап, оған екі қолын сүйеп алыстан айқайлап сөйлейтін атамыз еді, – дедім. – Біліп тұрсың бала, иә, алыстан бекер айқайлап жүрген жоқ. Жасым алтыла, түс мезгілі. Ол бізге жақын өтіп бара жатыр еді, жүгіріп барып сәлем бердім.

– Бақытты бол, қай баласың? – деп бетіме қарады.

– Кәрімнің баласымын. Енді басқа жаққа қарап: – Е, Кәрімнің баласы екенсің ғой, жақсы жігіт бол, әкене менен сәлем айт. Осыдан кейін мен ес-түссіз екі күн жатып, әрең өзіме келдім. Жарықтықтың көзі өткірлігін бала мен қайдан білейін. Өмірімде бірнеше рет өлімнен бетпе-бет

келдім, соның бірі осы еді. Аса күрделі, көрнекті жазушыға бір таңғалғаным, жадымның мықтылығы еді. Бұдан 70-80 жыл бұрынғы оқиғаны қай жыл, қай ай екенін бөлек, сол күні қай мезгіл екеніне дейін дәлдікпен айтатын. Соның бір дәлелі – осы оқиға.

Ал енді ерекше қымбат болатыны, кітаптарындағы оқиғалар ауылдағы көрісулер, қариялардың (олардың біразын білеміз) аңыздары, болған оқиғалар, солардың айтқан әңгімелері – кейбір тараулардың арқауы. Мақтанды деменіздер, соның ішіндегі кейбір оқиғаларды менің нағашым Есіркеген Құлтасов (оны үлкен аға дейтінмін) айтқан. Мысалы: «Көк ешектің басында келдір нокта, көк ешек барың болса ырғалақта, о, қасқа, қасқа» деп басталатын өлең шумақтары кітабында бар. Басқа да оқиғаларды айтқан көптеген адамдарды келтіруге болады. Өбекенің өзі де бізбен кездескенде кейде орысшалап «с вами мне нет обшего» дейтін. Бұл сөзді қазақшаламаса да түсінікті әрі не айтқысы келгені белгілі. Осы ойын жалғастырып «ауылдың «кір сақал» (мәтр бейнелеп айтып отыр) шалдарын көрсем, жылап көрісер едім» деп өткен күндерді, ақылман аға, аталарын сағынышпен еске алатын.

Осыдан 55 жылдай бұрынғы кездесу еріксіз есіме түсіп отыр. Ол шамамен 1967 жыл еді, ол кезде біз Өбекенің ауылда, жерлес-інілері Алдоңғар Тілеуов, Сансызбай Құттыбаев, Алысбай (Жайберген) Байтоғанов, Шайхы Сламбаев, Жайлаубай Иманов, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын алған Мырзан Кенжебай, т.б. Алматыдағы жоғары оқу орындарының студенттері едік. Бір күні мен оқитын сол кездегі Қазақстандағы С.Киров (қазіргі әлі Фараби) атындағы жалғыз университетте Өбекенмен кездесу өтті. Сол кездесуге университет оқытушылары, студенттер қағыстық. Ол кезде

«Қан мен тер» романы жақында жарыққа шығып, оқырман мен сыншылар тарапынан үлкен резонанс тудырып жатқан. Роман қызу талқыланды, көптеген марапат-мақтаулар айтылды және сонымен бірге сын мен ұсыныс-пікірлер де болды. Есімде ерекше қалғаны, сөйлегендердің кейбіреуі кітаптағы оқиғалар бірыңғай мұңға толы, атыс-шабыс, қайшылықтар мен бірін-бірі түсінбеушілік, тағы да осы сияқты өмірдің көлеңкелі жақтары көп екенін айтты. Адам бар жерде неге той-томалақ, жақсы демалыс кештері, қазақтың жақсы салт-дәстүрлері, жанға шуақ шашатын сәттер өте аз көрсетілгенін де қадап айтты. Кездесу соңында Өбе сөз алды:

– Мен жақында ғана Москвадан оралдым. Осы кітапты сол жақта оқырмандар мен атақты сыншылар талқылады. Талқылау қорытындысы әлі бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған жоқ. Менің таңғалғаным, сол Москвадағы сын-ескертеп, пікірлерді сіздер дәл солай қайталап отырсыздар. Әсіресе өмірлік тәжірибесі аз, бірақ, оқыған-тоқығаны, өмірден түйгені көп студент балаларыма ризамын. Өзім де кітаптың осал тұстарын сеземін. Келешекте кітаптың бір тарауын болмаса оқуға қосып «Айғаншаның әні» деген қосымша жазам, – деп үзде берген еді.

Өбекен туған жері Аралға жиі келетін. «Дам-тұз айдап кең дүниенің қай қиырында жүрсем де, Арал теңізі мен Арал даласы бір сәт есімнен шығып көрген емес» деп жазған да, айтқан да. Арал теңізі біраз тартылған кезінде туған жері теңіздің Құланды елді-мекеніне келгенде қасында жерлестері, т.б. бар теңізге қарап «Бағы тайған жігіттей» деп біраз үнсіз тұрды. Қанша төзімді, қайсар болса да, сол кезде асау толқындары жағаға соққан теңіздей тәнселіп толқып еді. Оның ойы бізге түсінікті. Себебі ол нағыз теңізші еді, те-

ңізбен өзі де, ата-бабалары да тағдырлас еді. Осындай кезде, үнсіздік сәтінде өзінің құрдасы, бала кезден досы, Ұлы Отан соғысына бірге аттанған Қалуғет Тілеуов ағам (қазіргі Құланды жылқы зауытының бас директоры) Алдоңғар Тілеуовтің (әкесі) баяу айтқандай болды.

Қазақ көркем әдебиетін жаһандық деңгейге көтерген қаламгердің мінезі күрделі де қызық еді. Бейнелеп айтқанда «бірде көл, бірде шөл». Кейде отырыстың басынан аяғына дейін еді сөйлейтін, ал кейде дым үндемей, «мен бүгін сөйлемеймін, тек сендерді тыңдаймын» деп тіл қатпайтын. Бір кездескенімізде тартысты, қырсық, қыңыр жағдайларды айта келіп «мен Көткеншек Көшенмін ғой» («Сонғы парыздағы» кейіпкерді айтып отыр) деп рахаттана күлген. «Ұлы» деген сөзді айтпаңдар, қолданбаңдар. Ұлы тек Жара-тушыға лайық, соған жара-сады» деуші еді жарықтық. Өмір бойы еш уақытта туған күнін тойламағаны, еңбегі мен батырлығы үшін алған орден-медальдарды тақпағаны, өзіне айтқан асыра мақтауды ұнатпайтыны оқырмандарға бұрыннан мәлім.

Өбе көкем дүниеден өткенде өзін туған жері «Шығанаққа» қарайтын Беларусь етегіне, теңіз көрінетін жерді өзі тірі кезінде қаздырып белгі қойған, сол жерге жерлеуді аманаттаған. Тіпті «менің бетімді топырақ жапқанда айқайлатып-шулатып, данғырлатып, салдырлатпаңдар» деген. Себебі бұл жерде анасы Балкысже жерленген. Ұлы Отан соғысына қатысып Тернополь қаласы маңындағы шайқаста ерлікпен қаза тапқан әкесі Кәрімнің жерленген жерінен топырақ әкеліп салынған. Осы аманаты арқылы ата-анасының қасында болуымен қатар, Арал өңіріне әлемнің назарын аудартқысы келді ме екен? Кім білген? Дегенмен Нұрпейістің қызы

Сағирадан туған, Журналистер одағы сыйлығының екі дүркін лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, ақын Мырзан Кенжебай (Өбенің жиені) мен актөбелік бизнесмен Марал Итқұлов екеуі Өбекеннің үйіне барғанда бұрынғы аманатын айта келіп, өмірден озғанда Алматыға жерлеуді айтқан.

Ағылшынның ұлы ақыны, асау (шатақ, қыңыр емес) Джордж Гордон Байрон «менің нағашым теңізші болса да, мақтанбаймын» деген екен. Сабазың қалай-қалай сілтейді? Неге «менің нағашым лорд болса да, премьер-министр болса да, сенатор болса да, капитан болса да мақтанбаймын?» демеуді. Себебі кейбір қауіпті мамандықтар, қауіпті жұмыстар бар. Соның ішінде аса қауіпті мамандықтың бірі – теңізші-балықшы. Оның қауіпті екенін көп адамдар біле бермеуі мүмкін. Теңізші (балықшы) ылғи тәуекелмен жүреді. Теңіз – тақпақ, қаһарлы, қасиетті, күдіретті. Теңіздің тылсымы көп, аяқ астынан мінез көрсетеді. Тып-тыншы болып толқындары баяу тербеліп жағаға соққанда, кенет алапат дауыл тұрады, толқындар дүмпиді, жал-жал түйе, тау толқындар пайда болып, көк теңіз буырқанып, бұрқанып алай-түлей болады. Осындай жағдайға қарамай біздің аға, әкелеріміз теңізге күн сайын балық аулауға шығатын, себебі теңіздің мінезін білетін, теңізбен гармонияда болатын. «Егінші жауында демалады, балықшы дауылда демалады» деген мақал оларға жермейтін.

Ғалымдардың айтуы бойынша мұхитқа қарағанда, ғарыш көбірек зерттелген, ал мұхит әлі де көптеген құпияларын сақтауда. Олай болса теңіз – мұхиттың бір саласы, бір тармағы емес пе?

Осыған байланысты қысқаша бір жайтты айтайын. Әкем Құттыбаймен (әкемнің туған ағасы) теңізге ау қарауға шығатын болдық. Далаға шықсақ, әкем «жел терістен екен» деді. Терістен дегені балықшыға қолайсыз, қатты жел, тіпті дауыл тұрып кетуі мүмкін деген сөз, яғни теңізге шығу өте қауіпті. Қорыққанымнан, «әке, бүгін бармаймын» дегенімде, «балам, ескек аман болсын» деді. Сонымен теңізге шығып катты жел тұрып қайығымыз алып толқындармен соғысып шайқалып, көп су төгіліп, қайық селкілінен (тербелінінен) басым айналып, жүргемі айнып, құсып жағаға әрең жеттік. Ұлы Отан соғысының қаһарманы, теңіз сырын білетін қайран әкем айтарлықтай ештеңе болмағандай жай ғана «бұл – теңіздің мінезі ғой» деді.

Арал теңізін (дүние жүзіндегі мөлірді теңіздің бірі) айтқанда оның жазушылық, азаматтық ісі мен жоқтаушысы болған, теңіздей терең, теңіздей құпия, теңізбен егіз, ұлы тұлға, әдебиетіміздің мәтрі, ұлы теңізші Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов әр уақытта еске түседі, ойға оралады.

Қырымбай МҰХАМБЕТЯРОВ, зейнеткер

«Ғылыми жоба көп, қаражат тапшы»

Біз айтып отырған нанобөлшектермен модификацияланған флавоноидтар осы амилоидты фибрилдердің түзілуін тежей алады. Әкем Паркинсоннан көз жұмды. Ауырғанда дертіне шипа таба алмағаныма жаным қатты батты. Сондықтан бұл жобаның орны мен үшін ерекше. Жалпы, жантақтың біз білмеген жұмбағы көп, соны аша алсақ талай ауруды болдырмаудың жолы табылар еді.

– Бұл жобаға Еуропалық Одақ қашан қолдау берді?

– 2017 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» деген грант ұтып алдым. Сол кезде Португалияға барып, тәжірибе алмастық. Бұл елдегі ғалымдармен бірге флавоноидтарды суда еритін күйге көшіру керек деп шештік. Мысалы, фуллерендер мен флавоноидтарды әрекеттестірсек, өте жақсы еритіні және амилоид фибрилдерінің түзілуін төмендететін қасиеті пайда болатыны анықталды. Тағы қандай ауруларды тежейтін қасиеті бар екенін анықтау үшін еуропалық әріптестерімізбен экспресс-тест жүргізіп көрдік. Нәтижесінде Альц-



геймер және Паркинсон ауруларына әкелетін амилоид фибрилдерінің түзілуін төмендететін қасиеті расталды. Соны Еуропалық Одақтың Horizon-2020 бағдарламасына жоба ретінде ұсындық. Екі жыл қатарынан кемшіліктерді толықтыру үшін жоба кері қайтарылды. Пандемия да бөгет болды. Енді ғана екі жақ іске кірістік.

– Жобаның ғалымдар құрамы қандай?

– Бұл жобамен Қазақстан, Португалия, Нидерланды, Дания, Ресей, Украина және

Беларусь елдерінің ғалымдары айналысып жатырмыз. Қазіргі Украинадағы жағдай әрі Ресей мен Беларусьқа жарияланған санкциялар да біздің жобаға кері әсерін тигізуде. Жобаның негізгі координаторы – португалдықтар. Қазақстандық топта бес адам бар. Бәрі де – жас ғалымдар. Жалпы ғылыми топта 25-45 жастағы профессорлар, PhD докторлар, ғылым кандидаттары бар. Әр топтың өз міндеті қарастырылған. Біз негізгі әсер етуші затты табуымыз керек.

– Күршітін қауызы да

кедеге жарады ма?

– Иә, біз күршітін қауызы мен сабандарын өңдеу бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Қауыздан кремний диоксидін және кремний алудың ұтымды әдісін таптық. Ал кремний диоксиді көбіне пасталар, алғезиялық материалдар жасауда қолданылады. Кремний – күн энергетикасында, басқа да химиялық өнеркәсіпте кенінен қолданылатын шикізат. Күршітін қалдығынан мұнан бөлек сорбенттердің екі түрін алудамыз. Біріншісі – белсендірілген көмір, екіншісі – кремний диоксидін бөліп алған соң оны әртүрлі заттармен модификациялап, кальций силикаты негізінде сорбент алып жатырмыз. Алынған заттар медицинада да, өндірісте де кенінен пайдаланылады. Ал күршітін сабағынан целлюлоза алу арқылы қағаз өнеркәсібіне қолға алғымыз келеді. Қағаз алудың ұтымды жолдарын таптық. Бұл жобаға қаржы қажет. Мұнан бөлек, өсімдіктердің өсуі кезінде тұқымдардың әртүрлі ауруы пайда болады. Салдарынан өсімдіктің дамуы тежеліп, өнімділігі азаяды. Тіпті мүлде өнім бермеуі мүмкін. Сол се-

бепті әртүрлі бактериялар негізінде аурулармен күресетін жана заттарды синтездеумен айналысудамыз. Бұл жобаға Ауыл шаруашылығы министрлігінен қаржылай қолдау таптық. Бүгінде Алматы қаласындағы Ж.Жиембаев атындағы Қазақ Өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтымен бірге жобаны орындап жатырмыз.

– Ғалымның қолын қаржы байлайды дегенге келіссіз бе?

– Иә, әрине. «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханамызда 8 адам жұмыс істеп жүрміз. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізілуі қаржыға келіп тіреледі. Барлық ғылым қаржыны қажет етеді. Зерттеу үшін қаншама лабораториялық база, реактивтер, химиялық ыдыстар және тағы да басқа қондырғылар керек. Олар болмаса, ешбір ғалым ешқандай зерттеу жүргізе алмайды. Тағы бір мәселе – қаржыландыру. Қай ел ғылымға көбірек қаржы бөлсе, сол елдің экономикасы да, ғылыми әлеуеті, әлеуметтік жағдайы да жоғары болмақ. Ғылым саласын республикалық бюджеттен қаржыландыру кейінгі

екі жылда 2 есеге өсті. Өткен жылы университеттің жас ғалымдарына арнайы 10 млн теңгені құрайтын 4 грант тағайындалды. Биыл осы гранттар игерілген соң, жас ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне арналған жана конкурстар жарияланды. Сонымен қатар былтыр сегіз жас ғалым PhD докторлық диссертациясын қорғады. Студенттердің ғылыми жұмыстарына арналған түрлі деңгейдегі конкурстар нәтижелері бойынша 85 студент жүлделі орын иеленді.

– Әріптестеріңізбен тәжірибеніңізді жиі бөліссіз бе?

– Ізденіс үстіндегі жастарды үнемі қолдаймыз. Жакында «Инжинирингтік технологиялар және экология» кафедрасының зерттеуші-профессоры ретінде университет профессор-оқытушыларына «Scopus және Web of science» базасындағы ақпаратты сараптау және мақалалар жариялау» тақырыбы бойынша семинар-тренинг өткіздім. Әріптестеріме журналдарға мақала жазу жөнінде біршама ақпарат бердім.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

ЖЕҢІС-77

Ефрейтор Ермағанбетовтың ерлігі

Кең байтақ қазақ еліміз! Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында, сегіз Франция сыйып кететін шалқар аумақты ата-бабаларымыз ат тұяғымен шаңдатып жортып-ақ қалай игергеніне, сонша байлықты ұрпағына аманатқа қалдырғанына қалайша таңданбаса, қалайша бас емеске?! Бек разымыз!

Осындай ұшқан құстың қанаты талатын даланың қияндағы бір бөлшегі «Ақбасты» қонысының ақылгөй ардагері, кезінде жауапты қызметтер жасап, көп құрметіне бөленген әрі шайырлығы бар, әлденеше кітап жазған Сәуелқан Смағұлұлымен ойда-жоқта кездесіп қалдым. Есен-саулық, таныстықтың соңында ол әлдебір жыр шумағын тебірене толғады-ай!

– Үстімде сұр шинелім, Ақсаңдай басып келемін, Қанды қырғын қызыл от, Қаптап жүр ажал дегенім.

Үстімде сұр шинелім, Ақсаңдай басып келемін, Ұмытса да достарым, Ұмытпа ма, мені өз еліміз! – Ау-у, мынау Қасым Аманжолов қой, – дедім де, – бұл Сәуелқаныңыз кім де болса, сол сұр шинелімен қанды шайқасқа қатысқан аяулы бір тектісін іздейді-ау деп топшыладым.

Екеуіміз де үнсізбіз. Сірә, ол да, мен де кешегі қан майданда шейіт кеткен туыстарымызды, аға-опкелерімізді ойласақ керек. Мен бесінші сыныпта оқитыным. Алғашқы қолға түскен газет хабары әлі есімде. Онда «Отанға жау шапты. Қапыда тұтқиылдан басты. Тұн жамылып келді. Соғыс 1941 жылдың 22 июнь күні түнгі сағат үште басталды. Москвадағы Герман елшісі соғыс басталғанын таңертеңгі жетіде ресми түрде мәлімдеді.

Батыс Европаны түгелге жуық жаулап, ашса алақанына, жұмса жұдырығына ұстап отырған фашистер тым өрескі, менмен, өрөккірек, өзіне-өзі сенімді де өзімшіл екен. Шу

дегеннен алқымдап ішке еніп кетті. «Қауырт соғыс» жоспарын іске асырмақ. Бүкіл дүниедегі капиталистік елдердің қоршауында мұхит ортасындағы жартаст тәрізді боп тұрған Социалистік Отанға, Ленин орнатып берген өмірге қауіп төнді. Жау Москваға таққан қалды. Бірақ олардың бұл арам пиғылы іске аса қоймас» делінген еді.

– Кешіріңіз дедім, – Сәуелқанға – жұрт күңіреніп, қосақтарын жау шебіне аттандырған жеңгелердің өкісіп жылағаны осы кезге дейін қулақты шулатып тұрғаны-ай! Ал сіз жоқ қараған жолаушыға ұқсайсыз, – деп едім, ол зым-зия жоғалған соғыс солдаттың фамилиясын атады.

«Боздақтар» кітабын қолыма алдым. 5-томы, 119-беті. «Ермағанбетов Бақтыгерей – қызыл әскер. Аван ауылдық кеңесінде 1909 жылы туған. Шала сауатты. Балықшы. Арал АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1943 жылы қыркүйекте ұрыс даласында хабарсыз кеткен. (Мәскеудегі Қазақстан елшілігі арқылы алынған. ҚАЖБҒЗИ мәліметі)»

– Осы кісі ме? – Иә, дәл өзі! – 1909 жылы туып, 1942 жылы Отан қорғауға шақырылса, 33-тердегі естияр жігіт болды ғой. Үйлі, бала-шағалы шығар?

– Ол тұста мен 8-9 жас шамасындамын. Білетінім – осы «Ақбастыда» 1945 жылы оба індеті тарап, 130-дай тұрғын опат болды. Соның ішінде Бақтыгерейдің әйелі мен екі



ұлы да кетті. Өзі де кіндіктен жалғыз-тұғын. – Обалдағы-ай! Шаңырақта кім қалды?

– Кім қалсын. Ешкім жоқ. Сосын да ер-азаматтың артында бір белгі қалсын деп әр есікті қағып жүрген жайым бар.

– Хабарсыз кетті деген – мерт болды деген сөз емес. Алай-дүлей арпалыста жанылыс бола береді. «Соғыста бірінші болып шынық өледі» деген қағиданы да ұмытпа, – деп жұбатқан болдым да, «Қарақұм» ауылдық округіндегі компьютердің нағыз білгірі, өзіме таныс Абай Әбішевтың қалта телефонының нөмірін тердім.

– Иә, көке, тыңдап тұрмын, – деген әдеттегідей жұмсақ үні естілді. Мән-жайды баяндап едім:

– Ләппай көке, – деді ол, – қазір қазір... Сәл-пәл уақыт беріңіз. Ресей сайттарының ішек-қарнын ақтарайын, – деді құлшыны танытып. Шай қайнатым уақыт өтті

ме, өтпеді ме, компьютерде отырған Мерей қызым: – А-та! Жауап келді, келді! – деді. Оқыдым. Қайталап оқыдым:

«Приказ по 624 стрелковому полку, 137 стрелковая дивизия 24 июля 1942 года №19/4 Действующая Армия от имени президиума Верховного Совета – Союза ССР НАГРАЖДАЮ: медалью «ЗА ОТВАГУ»».

Пулеметчика 3 пулеметной роты, ефрейтора Ермағанбетова Бақтыгерей за то, что он, в бою за д.Васильевка Орловской области, 23 июля 1942 года проявил мужество и отвагу отрезав контратаку группы немецких солдат, уничтожив из пулемета до 30 гитлеровцев.

1907 года рождения, казах, безпартийный, призван в Красную Армию Аральским РВК Кызылординской области».

Міне, ерлік! Бір өзі отыз фашистің көзін жойған. Мұның өзі бір дастан ғой, – дедім жерлесінің ерлігіне сүйсінген Сәуелқанға қарап. – Жо-қ, аға! Бұл бір емес,

әлденеше дастанға жүк болар, кейінгі ұрпаққа үлгі, шамшырақ қой! – деді ол көңілі шалқып.

– Абай-ау, – дедім «Қарақұмға» қайта телефондап, оған рахметімді айттым да, мұны Ресейдің қай сайтынан алғанын сұрадым.

– Көке! – деді даусы саңқ етіп, – оны Ресейдің «Память народа» сайтынан таптым. Енді интернетті «сүзіп» жатырмын. Ермағанбетов жайында мұнда да басқа біраз мәлімет бар екен.

Интернеттен алған дерегі ертегіне арнайы конвертпен жетті. Қазақ тілінде жазылған тұтас бір бет. Әйтсе де толық бергенді жөн көрдім.

Ермағанбетов Бақтыкерей. Ұлты қазақ. Партияда жоқ. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ленин атындағы (кейін Аван аталған) колхозда дүниеге келген. 1942 жылы Арал АӘК арқылы майданға аттанып, ефрейтор шенінде «Максим» пулеметінің пулеметшісі ретінде 137 атқыштар дивизиясы, 624 атқыштар полкінің құрамында жаумен айқасқа түскен.

1942-1943 жылдары ефрейтор Ермағанбетов Бақтыкерей Миенск қаласы маңындағы ұрыстарға қатысып, Орел қаласы жанындағы қиян-кескі ұрыстар арқылы Неручь өзенін кесіп өтіп, Змиевка теміржол станциясы үшін немістермен қырғын шайқасқа қатысқан, нағыз ержүрек жауынгер.

Осы ұрыстардың бірінде ефрейтор Ермағанбетов Бақтыгерей жаракат алып, Саратов қаласындағы №3631 госпиталінде емделіп, 1943 жылдың 11 қаңтарында жазылып, қайта қатарға қосылады. (Бас дәрігердің анықтамасы қоса тігілген).

1943 жылдың 23 шілдесінде Орлов облысы, Васильевка деревнясы маңында болған

ұрыста қайта-қайта қарсы шабуылға шыққан неміс әскерлеріне оқ жаудырып, жаудың 30-ға тарта солдатын жер жастандырған. Осы ерлігі үшін ержүрек пулеметші Ермағанбетов Бақтыкерей «Ерлігі үшін» (За отвагу) медалімен марапатталған.

1943-1944 жылдары Ока өзенінің аумағындағы Кром қаласы мен Гомель қаласы бағытындағы көптеген елді мекендерді жаудан тазартуға қатысып, Десна, Сож, Березина өзендерін ұрыспен кесіп өтуде жанқиярлық таныта білген.

Ефрейтор Ермағанбетов Бақтыгерей 1944 жылдың жазында Белоруссияны неміс-фашист басқыншылығынан азат етуге қатысып Бобруйск, Нарев, Бельск қалаларын жаудан тазартуға атсалысқан.

1945 жылы «Шығыс Пруссия» операциясына қатысып, немістің Миольхаузен қаласында соғысты аяқтады.

Қолға ұстатқандай дерек. Жантүршігерлік дерек десенді де болады. Қаншама қаланы, жер-суды, өзен-көлді қан кешіп жүріп азат еткен! Ефрейтор Ермағанбетов соғыстың соңғы күніне дейін сапта болған.

Оқушы кезімізде сахнадан бір әнді шырқаушы едік. Екі жолы ғана көңілде тұр: – От кешіп жүріп, шынында Жау жеңіп қайтқан солар ғой! – деп.

Ерлік ұмытылмайды дейміз. Көзі де, өзі де жоқ Ермағанбетовтың Тәуелсіз елі, ол қорғанған туған жері, зиялы қауымы, шүкір бар ғой! Есіл ерді ел есінде сақталатындай іс-шара жасалар деген үлкен сеніммен осы жазбамды түйіндедім.

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТУЛЫ, Арал ауданының Құрметті азаматы, Арал қаласы

Хабарландырулар

2022 жылы 24 мамырда сағат 12.00-де Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласы Күзембаев к-сі №70 мекен-жайында «Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің сумен қамтамасыз етілуін және экологиялық жағдайын жақсарту үшін «165» каналы бойынша су шаруашылығы жұмыстарын жүргізу» жобасы бойынша «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдау ZOOM платформасымен онлайн режимде өтеді.

Шақыру сілтемесі: ZOOM https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROT-VBAlOZ3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09 Жеке конференция нөмірі: 528 066 4063. Кіру коды 1234

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашы: «Қызылорда облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі №1. Тел.: 8 7242 60-53-69, 60-53-66.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Қазушар» РМҚ Қызылорда филиалы Қызылорда қаласы, Төле би к-сі №66. Тел.: 8 7242 23-32-50.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен EСOPORTAL.KZ бірыңғай экологиялық портал сайтынан танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды жергілікті атқарушы органның электрондық EСOPORTAL.KZ сілтеме немесе Kaigat3780@mail.ru пошталық мекен-жайына жолдауға болады. Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландырудың суреті EСOPORTAL.KZ сайтында орналастырылған.

2022 жылы 24 мамырда сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласы Күзембаев к-сі №70 мекен-жайында «Қазалы ауданы Алға ауылдық округіндегі сумен қамтамасыз етілуін және экологиялық жай-күйін «Ішкі» каналы бойынша су шаруашылығы жұмыстарын жүргізу» жобасы бойынша «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдау ZOOM платформасымен онлайн режимде өтеді.

Шақыру сілтемесі: ZOOM https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROT-VBAlOZ3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09 Жеке конференция нөмірі: 528 066 4063. Кіру коды 1234

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашы: «Қызылорда облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі №1. Тел.: 8 7242 60-53-69, 60-53-66.

VBalOZ3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09 Жеке конференция нөмірі: 528 066 4063. Кіру коды 1234

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашы: «Қызылорда облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі №1. Тел.: 8 7242 60-53-69, 60-53-66.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Қазушар» РМҚ Қызылорда филиалы Қызылорда қаласы, Төле би к-сі №66. Тел.: 8 7242 23-32-50.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен EСOPORTAL.KZ бірыңғай экологиялық портал сайтынан танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды жергілікті атқарушы органның электрондық EСOPORTAL.KZ сілтеме немесе Kaigat3780@mail.ru пошталық мекен-жайына жолдауға болады. Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландырудың суреті EСOPORTAL.KZ сайтында орналастырылған.

2022 жылы 26 мамырда сағат 12.00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Оспанов к-сі №10 мекен-жайында Шиелі ауданы «Нансай-Көксу суландыру жүйесінде су жинау қоймасын салу» жобасы бойынша «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдау ZOOM платформасымен онлайн режимде өтеді.

Шақыру сілтемесі: ZOOM https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROT-VBAlOZ3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09 Жеке конференция нөмірі: 528 066 4063. Кіру коды 1234

Жоспарланған іс-шаралардың бастамашы: «Қызылорда облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі №1. Тел.: 8 7242 60-53-69, 60-53-66.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Қазушар» РМҚ Қызылорда филиалы Қызылорда қаласы, Төле би к-сі №66. Тел.: 8 7242 23-32-50.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен EСOPORTAL.KZ бірыңғай экологиялық портал сайтынан танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды жергілікті атқарушы органның электрондық EСOPORTAL.KZ сілтеме немесе Kaigat3780@mail.ru пошталық мекен-жайына жолдауға болады. Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландырудың суреті EСOPORTAL.KZ сайтында орналастырылған.

Advertisement for 'Su tasqyny kezinde turghyndarğa aqyl-keces' (Water scarcity in the hands of residents, wisdom and advice). It lists six main causes of water scarcity: 1. Ice melting in winter, 2. Drought, 3. Lack of water in the ground, 4. Lack of water in the ground, 5. Lack of water in the ground, 6. Lack of water in the ground.

Advertisement for 'Su bасып қалған ауданнан өз бетінше қалай шыққан жөн?' (How to get out of the flooded area on your own?). It lists three ways to get out: 1. Use a boat, 2. Use a raft, 3. Use a lifebuoy.

Хабарландыру

2022 жылғы 18 мамырда Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек ауылдық округі, Теренөзек ауылы, Атамекен гимназиясыда сағат 10.00-де төмендегі тақырыптар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі: «Қазгермұнай» БҚ ЖШС бойынша 2022 жылға арналған рұқсат етілетін шығарылым нормативтерінің жобасы; «Қазгермұнай» БҚ ЖШС бойынша 2022 жылға арналған рұқсат етілетін төнгілдер нормативтерінің жобасы; «Қазгермұнай» БҚ ЖШС бойынша 2022 жылға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы; «Қазгермұнай» БҚ ЖШС бойынша 2022 жылға арналған қорғау іс-шараларының жоспары; «Қазгермұнай» БҚ ЖШС бойынша 2022 жылға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; «Қазгермұнай» БҚ ЖШС бойынша 2022 жылға арналған ұнғымалар қурылысының жобалары; «Қазгермұнай» БҚ ЖШС бойынша

2022 жылға арналған құрылыс-монтаждау жұмыстарының жобалары. Карантин уақытында жағдайда, бұл қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында белгіленген конференция арқылы онлайн режимінде өткізіледі. Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша оту керек: https://us04web.zoom.us/j/5280664063?pwd=QjROT-VBAlOZ3bkRmOEVySXY3Yk90Zz09 уақыты - сағат 10.00-де. Конференцияның идентификаторы: 528 066 4063. Кіру коды: 1234. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүргізіледі. Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша 8777286525 / 8777516229 телефон нөмірлеріне хабарласу керек. Тапсырыс беруші – «Қазгермұнай» БҚ ЖШС, 120018, Қызылорда қаласы, Тасөбегі кенті, Амангелді көшесі, 100. БСН 140340010451, тел.: 8777286525 / 8777516229. Жобаны әзірлеуші – «ПТЕСКО» ҒЗН ЖШС, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Сығанақ көшесі, 29-ғимарат, тел.: 8(717)267-72-11/87017973833.

Advertisement for '«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналас-тырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Хабарландыру

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 07 сәуірдегі ұйғарымымен «ҚДСМ Қыран» ЖШС-не (БСН: 040840001816) оналту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды. Барлық кредиторлар мен мүдделі тұлғалар туындаған сұрақтар бойынша уақытша әкімшіге мына мекен-жайға хабарласуға болады: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, №18А. Байланыс тел.: 87054303030.

ТЕАТР

Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театры біздің өңірге гастрольдік сапармен келіп, өнерге құштар жұртшылықты өз репертуарындағы таңдаулы қойылымдарымен тәтті етті. Соның бірі – Н.Бекежанов атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Мархат Байғұттың «Жоғалған Жұрнақ» әңгімесінің желісі бойынша қойылған спектакль.

Ғазиза ӘБІЛЛА,
«Сыр бойы»

ЖАН ТЕБІРЕНТКЕН ТУЫНДЫ



Қауырт тірліктің қалтарысын тауып, спектакльді тамашалауға бардық. «Жоғалған Жұрнақ» әңгімесінде Желтоқсан оқиғасының зардабын тартқан жігіттің тағдыры баяндалған.

Спектакльдің шымылдығы ашылған сәтте перронда өзара дуылдасып, арасында әуелетіп ән шырқап, бір-бірін әзіл-қалжыңмен қағытып тұрған жастарды көріп, еріксіз сүйсінесін.

Жастардың ортасындағы Жұрнақ – Текемет кентіндегі орта мектептің мұғалімі Қонақбай ағайдың жалғыз ұлы. Мәскеу қаласындағы мықты бір оқу орнының студенті. Оқу орнын қызыл дипломмен бітіруіне бекетті ай қалған. Иә, сонау жылы ешкімге айтпастан, тауарлы пойызға мініп кетіп, Мәскеуден бір-ақ шыққан. Осы жолы оқудан демалысқа шығып келген бети болатын. Өзін сағына күткен сүйген қызы Алмасыммен қауышып, көңілі шалқып-тасқан күйде. Албырт жастар бір-біріне деген алып-ұшқан сезімнің ақын Төлеген Айбергеновтің «Сағыншы» өлеңімен өте әсерлі жеткізеді.

...Сағынбай барсаң таулар да сенің алдынан шықпасақ,

Ойлауың мүмкін, дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап.

Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай, Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға жарамай...

Осынау тебіреніске толы жыр шумдақтарын бір-бірінің аузынан қағып алып, оқып жатыр. Шіркін, жастық! Жалындап сойлеген сөздері, ештеденен алаңсыз емен – жарқын жүздері сондай жарасымды!

Енді бір мезет олардың әңгімесі салмақты бағытқа ойысып, саясат тақырыбын да шалып қалады. Қаумалаған достарының бірі:

– Отанымыздың жүрегі – Мәскеуде не жаңалық? – деп сұрайды. Осы тұста Жұрнақ ашуланып, шарт кетеді.

– Өлі күнге Мәскеуге бағыныштымыз. Ол жақтың саясатын неге түсінбейміз? Кеңес көсемдерінің күздегіміз – бізге бас көтертпей, ұсыныда ұстау!

Осы тақырып төңірегіндегі әңгіме лезде өрттей қаулап, жастардың намысын жанып өтті...

Желтоқсан оқиғасы. Алаңда қанға бөккен қазақ жастары... Олар жетпіс жыл жүгендеп ұстаған кеңес өкіметінің өктем саясаты-



на қарсы шығып, ұлттық рухтың азаттығын талап етті. Жастардың бұл талабы орындалды. Бірақ... Өттең, олардың көпшілігі қарулы күштердің аяусыз соққысынан қаза тапты. Жәбірленіп, жазаға кесілгендері қаншама?.. Соның бірі – Жұрнақ еді. Жазаға кесілді. Жас өмірі қор болды. Бұл жағдайдың бәрінен ауыл іші хабардар. Әсіресе, әкесі Қонақбай ағай қатты қиналды. Сонау бір кезде «егіз ұлды болдым» деп бәркін аспанға атып, қуанған еді-ау... Екі ұлына Жалғау және Жұрнақ деп ерекшелу есім қойған болатын. Мұнысы – ұрпағым жалғаса берсін, жақсылықтың жұрнағы болсын дегендей пайымы еді. Алайда, Жалғауына тіл-көз тиді ме, жасқа толмай-ақ шетінеп кетті. Жалғыз ғана үміті – Жұрнағының жайы осындай...

Одан бері де бірталай уақыт өтті. Жанын жегідей жеген қайғыдан Жұрнақтың ата-анасы да дүние салды. Жамағайындары Жұрнақты Қарағандының жынды-ханасынан тауып, ауылға әкелді. Желтоқсан оқиғасында елінің болашағы үшін басын қатерге тіккен атпал азаматтың ендігі өмірі «Жынды Жұрнақ» деген атты арқалаумен өтті.

Оқиға өте аянышты, кіндік қаны тамған ауылына келгенде оның мандайынан сипаған жалғыз-ақ адам – мектеп директоры Сағындық ағайдың анасы ғана еді. Сол кісі бұған байек болып, жұрттың жөнсіз жазғыруынан қорғап қалатын. Өке-шешесінің көзін көрген, Жұрнақтың жалын атқан жастық шағының куәсі болған кейуана, байғұс баланың бүгінгі жай-күйіне қарап, жаны күйзелетін. Ал, неге екенін, Жұрнақ осы Сағындық ағайын, сосын Сағыншы есімді мұғалім ғана емес-емес есіне түсіреді. Білкім, сонау жас күнінде қатарлас достарымен жарыса оқыған «Сағыншы» өлеңінің әсері сана түспірінде сақталып қалғаны шығар...

Иә, ол қарашырағының орнын тауып, сол жерге үй саламын деп ауыр-ауыр тастарды үйе беретін. Тағдырының қатал сынағынан әбден қажыған Жұрнақ күндердің күні аязда қалып,

өзіне опа бермеген бұл дүниемен мәңгілікке қоштасты... Көңіліміз астан-кестен толқып, көздің жасын ірке алмадық... Өрине, бұл – өнерге шын берілген, талантты артистердің еңбегі!

Бір жарым сағаттан аса уақытқа созылған спектакльді жұрт сілттей тынып тамашалады. Көрермендер театр артистерін сахнадан жібермей, қайта-қайта қол ұрып, зор қошемет көрсетті.

Спектакльдің қоюшы режиссері – театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, профессор, режиссер Бекболат Құрманғожаев. Ал, қойылымның басты кейіпкері – Жұрнақтың рөлін сомдаған талантты актер Бауыржан Сегізбаев. Актердің шеберлігі сол – көрермен онымен бірге толқып, бірге жылады, сонда трагедияны қабылдау өте қиын болды.

Ж.Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театры 1934 жылы құрылған. Өнер ошағында 140-тан астам адам еңбек етеді. Театрдың көркемдік жетекшісі, спектакльдің қоюшы режиссері Бекболат Құрманғожаевтың айтуынша, «Жоғалған Жұрнақ» қойылымы өткен жылы ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына орай сахналанған болатын. Осы күнге дейін 8-9 мәрте көрермен назарына ұсынылды. Бұл қойылым арқылы кешегі ұрпақтың жасампаз ерлігін, ұлтжандылығын бүгінгі жас ұрпақтың санасына сіңіріп, өздерінен үміт күткен аға буының қозғарсын таныту мақсаты айқындалады.

Бүгінде театрдың сахналық қоржынында 40-тан аса қойылым бар. Жыл сайын жаңа қойылымдар көрермен қозғаймы болып, өңірлерге өнер сапары ұйымдастырылып тұрады. Шығармашылық асын кенейту мақсатында шет мемлекеттердегі кәсіби мамандармен де әріптестік байланыс бар.

Сыр еліне келген өнер сапары аясында У.Шекспирдің «Қораз» шығармасының желісі бойынша, С.Жүнісовтың «Жаралы гүлдер» және жоғарыда айтып өткеніміздей, М.Байғұттың «Жоғалған Жұрнақ» әңгімесінің желісі бойынша қойылым сахналанды.

МҰРА

АША ДОМБЫРА

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің коллекциясы ерекше домбырамен толықты. Аша (қосбет) домбыра – қазақтың ән-күй өнерінде ежелден қолданыста болған аспап. Домбыра қос бетімен ерекшеленеді. Әр бетіне екі-екіден ішек тағылатындықтан «төрт ішекті домбыра» деп те аталады.



Аша домбыраның ойнау техникасында екі нұсқа қарастырылады. Бірі – домбыраның бір беті әнге, екінші беті күйге ыңғайландырылса, екінші нұсқа – домбыраның бір жақ беті оң бұрауда, екінші жақ беті теріс бұрауда орнатылған. Аша домбыра әнге де, күйге де келе беретіндіктен халық «әмбебап домбыра» деп те атаған. Солақай ойнайтын күйшілер де көп жағдайда осы аша домбыраны пайдаланған. Сол себепті де аша домбыраның құлағында ойнау үлкен шеберлікті қажет етеді.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу бөлімінің этнографиялық зерттеулері нәтижесінде қазақтың көнеден келе жатқан, қазіргі таңда ұмыт қалған музыкалық аспабы – аша домбыра қайта жаңғырып, халық назарына ұсынылып отыр. Музей қызметкерлерінің зерттеулері нәтижесіндегі деректер негізінде домбыраның реконструкциясын жасау Сыр елінің тумасы, елге белгілі ұста-шебер Бекзат Жақыповқа тапсырылды.

Негізінен домбыралар дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, қатты жынысты үйенкі, емен секілді киелі ағаштардан екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып жасалады. Құрама домбыралардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады. Аша домбыра құрама әдіспен жасалған. Аша домбыраға ерекше тембр беру үшін ұста қарағай мен қайың ағашын пайдаланған. Домбыраның бұл түрін жасау ұстаға оңайға соқпаған. Сирек жасалатын ерекше құрылымды бұл домбыраны жасау кезінде ұқыптылық пен ыждағаттылық талап етіледі. Ұста домбыраны жасау барысында кесу, жону, ою, жапсыру, бекіту әдісін пайдаланған. Музей қорындағы аша домбыраның шанағы текше, формасы сопақша, қалыңдығы – 5 см, ұзындығы – 100 см. Ұста өз қолынан шыққан бұл домбыраның ән-күйге арналғаны айтады.

Домбыра қазақ жеріне қазан бұрын келді десек, еш қателеспейміз. Сонау Хорезм маңынан табылған балбал тастағы суретте бала қолына бір аспапты ұстап отыр. Оған әлемде ең ұқсасы – қазақтың домбырасы. Осы балбал тастың тарихы б.з.д. 5 мың жылдан басталады. Бұл – қазақ деген атаудың да жоқ кезі. Демек, осы нақты дәлел, қазақтан бұрын домбыраның болғанын растайды. Көне түрік дәуірінен бері ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып жеткен домбыра – қазақ халқының баға жетпес ұлттық рухани құндылықтарының бірі болып саналады. Байырғы заманда көне аспаптар ғана, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылса, енді домбыра күрделеніп, жеке шығарма орындауға арналған аспаптар қатарына қосылды.

«Қазақ пен домбыра – егіз ұғым» десек, осынау ата-бабадан қалған домбыра түрлерінің қайта жаңғырып, өз қасиетін жоғалтпағаны дұрыс.

– Домбыра, мұнша шешен болдың неге? Күй толған көкірегің шешіре ме? Сыр қозғап ғасырлардан жөнелесің, Саусағым тиіп кетсе ішегіңе, – деп Қасым Аманжоловтың өлеңіндегі екі ішекті осы бір музыкалық аспап ұлттымыздың қасиетін айғақтап жатқандай көрінеді.

Қазір аша домбыра облыстық музейдің «Этнография» залына қойылған.

Л.ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

ТАНЫМ

Айдың тіршілік иелеріне әсері қандай?

Жердегі тіршілікке айдың ықпалы мол. Ол жыл сайын қашықтап тұрады. Жерге жақындағанда ірі су апаттары тіркеліп, ғайып болған жағдайда теңіздер мен мұхиттар буырқана тасиды екен.

Оның магниттік өрісі адамдарға әсер ететіндігі ежелден белгілі. Айдың осы бір ғажайып қасиетін ежелгі философтар мен ойшылдар айтып кеткен. Олар жарықтың тірі және өлі табиғатқа қалай байланысатынын зерттеп, астрономия, астрология және жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуына себеп болған.

Ай – қазақы түсінікте тіршілік цикліне байланысты атқарылған ғұрыптар мен наным-сенімдер жүйесінде ерекше орны мен мәні бар және қазақтың исламға дейінгі байырғы дүниетанымындағы киелі рух иесі ретінде мінәжат етілген аспан денесі. «Ай көрдім, аман көрдім» деген сөз тіркесінде көрініс тапқан айға тәу ету осыған байланысты орын алған ежелгі наным-сенім. Айға сәлем беру үрдісі туралы әйгілі ғалым Ш.Уәлиханов өз еңбегінде: «Ертеде қазақтар жана туған айға тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп

мінәжат еткен. Жазды күні тізе бүккен жерінің шөбін жұлып, отқа тастаған», – деп жазды. Мұның мәні – әулетім оттай қаулап өсе берсін, бәле-жаладан аман болайық дегенді білдіреді. Сондай-ақ, айға қарап «жана ай жарылса, ескі ай есірке!» деген сенім қалыптасқан. Халық тіліндегі «Ай қорғалау», «Ай желіну», «Ай тұтылу», «Ай қарақшысы», «Ай арасы», «Толас болу», «Туар ай», «Туар айдың жанасы» сияқты айға байланысты қолданылатын тіркестер ми-



фологиялық сенім негізінде қалыптасты. Жаңа туған ай мен толған айды құрметтеу нышаны кейбір ұғымдарда көрініс береді. Сондай-ақ, ай – сұлулықтың символы. Дәстүр бойынша нәрестенің немесе сұлу қыздың жүздерін толған айға балап айту – ең көп кездесетін дәстүрлі теңеу.

Айға байланысты түрлі ырымдар халық ішінде бүгінгі күнге дейін сақталған. Мәселен, күн батқаннан кейін айлы түнде үйден сыртқа сүт алып шығуға болмайды. Егер бұл тыйымды амалсыз бұзуға тура келсе, онда сүт құйылған ыдыстың бетін ай сәулесі түспейтіндей етіп, көлегейлеп жабу керек. Бұл шарт орындалмай, сүтке ай сәулесі түссе, малдың желіні ісіп кетеді.

Сөйтіп, ауруға шалдығалды деп сенген. Айды қолымен көрсетпе, ай сәулесін бетіңе түсірме, ай толғанда көшпе, қыз ұзатпа, үй тікпе деген тыйымдар осы аспан денесіне қатысты өрбіген әдет-ғұрыптардың күрделі болмысын айғақтайды.

Ежелгі жұрт толған айдың сәулесі басы ауыратын, сақинасы бар адамдарға әсер етеді деп тұжырымдаған. Ай толған кезде жалаңбас далаға шығуға, сыртта ұйықтауға, айға ұзақ қарауға, жас нәрестенің бетіне оның сәулесін түсіруге болмайды деп сенген.

Мұндай мифологиялық түсінік бойынша ай тек адамға ғана емес, төрт түлік малға да әсер етеді деп есептелінген. Тіршіліктің түпқазығы төрт түлік малдың тұяғы мен мүйізін табиғаттың өзге құбылыстарына емес, тек айға ғана теңеуі – халықтың оны ерекше құрмет тұтқандығының белгісі. Ай жаңарғанда теміреткі, жара, қышыма тәрізді кейбір тері аурулары да жаңаратынын халық аңғарған.

Дайындаған
Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»